

KÖKSEREK



Алғысөз

«Көксерек» – қазақ әдебиетінің көрнекті туындыларының бірі, жазушы Мұхтар Әуезов қаламынан туған шығарма. Әңгімеде табиғаттың қаталдығы, адам мен жануар арасындағы байланыс және тіршілік заңдылықтары терең суреттеледі. Көксерек – өз болмысын, еркіндігін және табиғаттағы орнын іздеген қасқыр бейнесі.

Бұл шығармада Көксерек тек қасқырдың ғана емес, еркіндік пен өмір үшін күрестің символы ретінде көрінеді. Шығарма табиғаттың әсемдігін ғана емес, оның қатал заңдарын да танытып, әрбір тіршілік иесінің өмір жолындағы күресін бейнелейді.

Әңгіме арқылы оқырман адам мен табиғат арасындағы байланысты терең түсініп, жануарлар әлемінің ерекшеліктерін тануға мүмкіндік алады. Шығарма табиғатты құрметтеуге және онымен үйлесімде өмір сүруге үндейді.

Ізгі тілекпен,
Комикс құрастырушысы
Досымхан Нұрсәуле

Әңгіменің қысқаша мазмұны:

Оқиға Құрмаш есімді баланың Көксерек атты қасқыр күшігін тауып алып, оны үйге әкеліп асырауынан басталады. Бала оны бауырына басып, күтсе де, Көксерек еркіндікті аңсап, үй тіршілігіне бейімделе алмайды. Кейін ол далаға қашып кетеді. Уақыт өте келе адамдарға қауіп төндіре бастайды. Ақырында Құрмаш ауыр қадамға барып, Көксеректі өлтіруге мәжбүр болады.

Шығарманың идеясы:

«Көксерек» әңгімесі арқылы Мұхтар Әуезов адам мен табиғат арасындағы байланысты, жануарларға мейіріммен қараудың маңызын көрсетеді. Сонымен бірге табиғат заңдылығын түсініп, оны бұзбау керектігін ескертеді.

Шығарманың маңызы:


Бұл туынды қазақ әдебиетіндегі ең танымал шығармалардың бірі. Ол оқырманды табиғатты құрметтеуге, жануарларға жанашыр болуға және адамгершілік құндылықтарды бағалауға жетелейді.

Қараадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа боз қараған, тобылғы басқан.






Ауыл адамдары үңгір ішіндегі жеті күшіктің бесеуін өлтіріп, екі кішкенесін тірі қалдырды. Біреуінің тірсегін қиып, жалғыз күшікті өздерімен бірге ала кетті



Нағашысы кішкентай күшікті ауылға әкеліп, Құрмашқа берді.




Енді сенің
есімің Көксерек
болады





Асырауға
көнеді



Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойып алды. Ертеңді-кеш айналасынан шықпайды. Өзіне жеке асқұйғыш – итаяқ әзір болды". Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды.



Үй ішінен шықпайды. Түн баласында Құрмаш қасына алып жатады.
Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бөлек жатады.
Қасында не аяқ жағында көрпенің астында Көксерек жатады.





Жаз ортасында Көксерек үлкөйді. Семіріп жонданғандай болды.
Бірде-бір ит мұны дос кермейді,
маңына жакындатпайды. Құрмаш Қасында болғанда таяқ жемейді.



Бұны өлтіріп,
терісін алу керек

Ұры. Асырасаң да, мал
болмайды. Тұқымы жау
емес пе!



Көсерек тамаққа ашқарақ болды. Қарны ашып кетсе, өзіне бермеген асты да жеп қояды. Өскен сайын жүні үрпейіп, суықтана бастады. Ауыл иттерінен де қорықпайтын болды





Көксерек үлкейген сайын мінезі өзгере бастады, далаға жиі қарап, бұрынғыдай Құрмашпен де дос болмады. Алғаш рет амалсыздан көкке қарап, аузын ашып ышқындатып ішінен зор дауыс шығарды.



Бір күні Көксерек орманға қарай қашып кетіп, кері оралмайды.
Боранды аязды түнде ауылдың қораларына түсіп, он шақты қойды
Көксерек өзі өлтіріп, жеп кетті








Көксерек енді жалғыз жортпайтын болды.
Оның жанында серігі Ақ қасқыр бірге жүрді





Ақ қасқыр күшіктеді, екеуі бірге жорыққа шығады, бірақ
адамдар ақ қасқырды өлтіріп тастады. Көксерек тағы
жалғыз қалды





Енді
басшыларың
мен боламын!

Көксерек өзіне қайтадан үйір таптым. Енді олар тоғыз қасқыр болып жүретін болды. Ауыл арасында ең жыртқыш аң деген атақа ие болды.



Адамдармен қатты өшікті. Барлық
малды қырды





Жаз бойы жалғыз тіршілік етті. Ащыкөлдiң солтүстік жағын жайлаған бес-алты ауыл Көксеректен тағы да көресіні көрді. Күндіз келіп көл жағасында, қамыста жатады.

Түн баласына бір ауылдың шуын бір ауылдікіне қосып бықырт тигендей қылады. Жаздай жеген қозы, бұзауының саны елу-алпысқа жетті.





Сол кезде түйе үстінен бір ұзын нәрсе шошайып созылды да күрс етті. Өлгенше қатты ащы дауыс даланы сілкіндіріп шошытып жіберді. Бар қасқыр қар боратып ытқып, қашып жөнелді. Күрс өтіп жөтелген көк түтінмен қатар Көксәректің артқы бір саны шыж өте түсті.



Арада бірнеше күн өтті. Осы сайдан шыққан жоқ. Ашығып бұралуға айналды. Бірақ аяғы ептеп басуға келді.





Сол кезде Көксерек пен жанындағы қасқырлар қойларға шабуыл жасайды. Атпен жүрген Құрмаш оларға қарсы шығамын деп, аттан құлайды. Құрмашқа Көксерек шабады.





Түнде баланың өлігін тауып алысты. Жанында
тайдың ізіндей болып үлкен қасқыр
ізі жатыр екен.



Аққасқа өте қабаған. Сіркесі су көтермейтін долы,
ызалы. Иесі Қасен Құрмаштың кегін алу үшін Аққасқаға
Көксеректі алдыртпақшы болды



Аққасқа мен Көксерек алысып, ақыры Аққасқа оны
жеңді. Ес жиған соң жұрт көк шولاқтың құлағына қарап
отырып, бұрынғы кеткен Көксерек атты күшікті таныды.